


## Жарқын №36 наурыз 2025.pdf - толь



# ЖАРҚЫН

№ 36  
03.2025

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ - ТӘРБИЕЛІК ЖУРНАЛЫ



ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Ақпарат комитеті, Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17200-Ж куәлігі берілген.

# ЖАРҚЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК ЖУРНАЛЫ

Меншік иесі:



## АКИЕВА РАУШАН ТӘПЕНҚЫЗЫ

"Айналайын" бөбекжайы" КМҚК  
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы  
Тәрбиеші

### Мектепке дейінгі балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу

Балабақша – білім мен ортаға бейімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Бала тәрбиесі әрқашанда күнделікті өмірдің ең басты да жауапты мәселесі ретінде қарастырылып келген. Ал қазіргі қоғамда ұрпақты жан-жақты дамыту, оны жеке тұлға ретінде жетілдіру ісіне айрықша көңіл бөлініп, бүкіл тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңарту көзделуде. Осы орайда балаларды ұлттық ойын арқылы тәрбиелеу, баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы деп санаймын. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің өсіп келе жатқан жас ұрпағымызды ұлттық ойындармен сусындатып үнемі ізденіс үстінде жүру керек. Тәрбиешіден үлкен білімділікті, шеберлікті, соның нәтижесін көруге деген құштарлық пен төзімділікті, сабырлықты қажет етеді. Өйткені ол, бір күндік немесе бір жылдық іс-әрекеттің жемісі, ұзақ жылғы тірнектеп жиылған еңбектің жемісі болып табылады.

Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпағымызды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелесек, өз халқының тарихын, жерін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін біле бастайды. Балаларға ұлттық ойындарды үйрету арқылы әділдікке, достыққа, сыйластыққа, кішіпейілділікке тәрбиелей отырып, яғни адамгершілік қасиеттері де қалыптастырылады. Басқа ойындар сияқты қазақтың ұлттық ойындар тәртібін бұлжытпай орындауы баланың ойын барысында тәртіп сақтауы, баланы осы кезден бастап тәртіпке, әділдікке, жинақылыққа баулиды, адал, қайырымды, өжет болуға тәрбиелейді. Ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ұлттық ойындарға мына ойын түрлері жатады: «Тоғызқұмалақ», «Бәйге», «Асық», «Ақсүйек», «Арқан тарту», «Қыз куу», «Көкпар», «Күміс алу», «жамбы ату» т.б ұлттық ойындары бала денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, батылдыққа, ептілікке, төзімділікке, дер кезінде тез ойланып, тиімді амал, ақылды шешім, әдіс таба білуге машықтандырады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді.

Сонымен ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың маңызы өте зор. Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, өміріне ұштаса береді. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ, болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған ортаны тану арқылы түсінік алады.

Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізуші.

Сондықтан балаларымыз, қай жерде жүрседе қазақтың салт-дәстүрлерін, қазақтың ұлттық ойындарын, ырымдарын ұмытпай, бойларына дәріптеп жүрейік.